



Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Білім беруді жаңғырту орталығы» МКҚК

Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы ағымдағы жағдай және мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін іске асыру бағыттары

Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту жүйесінде шешуді талап ететін бірқатар өзекті мәселелер бар:

- 1) балалармен жұмыста қолданылатын әдістер мен нысандардың заманауи талаптарға сәйкес келмеуі;
- 2) балалардың танымдық қызығушылықтары мен білуге құмарлығы, дербестігі жеткілікті ескерілмеуі;
- 3) білім берудің әртүрлі деңгейлерінде алынатын негізгі дағдылар жиынтығындағы сәйкессіздіктің өмір бойы оқыту жүйесін (lifelong learning) құруға кедергі жасауы;
- 4) көрсетілетін қызметтер сапасының төмендігі, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту сапасын өлшеу және бағалау жүйесінің болмауы;
- 5) кадрлар жасының ұлғаюы және жетіспеуі;
- 6) мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту жүйесіндегі педагог мамандығы беделінің болмауы;
- 7) кадрлардың тұрақтамауы;
- 8) педагогтерді даярлау бағдарламалары мазмұнының әлемдік ғылымның заманауи үрдісіне сәйкес келмеуі;
- 9) ерекше білім беруді қажет ететін балалардың оқшаулануы;
- 10) инклюзивті ортада балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау үшін мамандар тапшылығы;
- 11) ата-аналар қауымымен байланыстың жеткіліксіздігі.



Мемлекет басшысының 2020 жылғы 27 мамырда Қазақстан Республикасы қоғамдық сенім кеңесінің үшінші отырысында берген тапсырмаларын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының 1-тармағын орындау үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы № 137 қаулысымен **Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі** бекітілді

Моделді іске асыру

- мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнын, оның ішінде инклюзивтік білім беруді трансформациялау үшін жағдай жасау
 - нормативтік құқықтық сүйемелдеу
 - бағалау өлшемшарттары арқылы сапаны көтеру
- баланы ерте дамыту процесінің толыққандылығын қамтамасыз ету
- үйлесімді, дамытушы, балама бағдарламалар
 - педагогтердің үздіксіз кәсіби өсуін қамтамасыз ету
 - 2021-2025 жж. білім беру қызметтеріне ата-аналардың қанағаттануы

МОДЕЛЬДІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ БОЙЫНША МІНДЕТТЕР МЕН ІС-ШАРАЛАР

Модельді жүзеге асыру жоспары

- Нормативтік қамтамасыз ету
- Әдістемелік қолдау
- Тәрбие мен оқыту мазмұнын жетілдіру
- Білім беру деңгейінің сабақтастығын қамтамасыз ету
- Сапаны бағалау жүйесін енгізу
- Педагог мәртебесін қамтамасыз ету
- Сапалы білім беруге қолжетімділікті қамтамасыз ету
- Қауіпсіз және жайлы орта құру
- Қаржыландырудағы дербестік


Жол картасы

- Стандарт, оқу жоспарлары, бағдарламадағы өзгерістер
- Мектепке дейінгі ұйымдардың МТБ жақсарту
- Даярлау және педагогтердің кәсіби біліктілігін арттыру
- Кезектілікті толығымен автоматтандыру
- Ваучерлік жүйені енгізу
- Мектепке балалардың дайындық деңгейін арттыру (2020 жыл – 82,5%)

Ұлттық жоба

- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту сапасына қолжеткізу
- 2025 жылға МДҰ қамтылған балалардың үлесі:
- 2-6 жас – 95%
- 3-6 жас – 100%
- Балаларды ерте дамыту бойынша жылсайынғы біліктілікті арттыру курстары % (2021- 20, 2022 – 20, 2023 – 20, 2024 – 20, 2025 – 20)

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ ЖӘНЕ ОҚЫТУ



Педагогикалық құрам

Барлығы – 14834

бейіндік білімі бар – 7158 (51%)

Шағын-орталықта – 3232

2020 жылдың қыркүйек айынан бастап меншік түріне қарамастан барлық мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде кезекші топтардың жұмысы ұйымдастырылды

Меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан мектепке дейінгі ұйымдардағы тәрбиелеу білім беру процесі:

- ✓ Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына (одан әрі-Стандарт) (2018 ж. 31 қазандағы ҚР БҒМ № 604 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы);(2020 ж. 5 мамырдағы ҚР БҒМ № 182 бұйрығы)
- ✓ Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығы (өзгерістермен және толықтырулармен 2018 жылғы 10 қазандағы №556 бұйрығы);
- ✓ Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына ;
- ✓ Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына (ҚР БҒМ 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығы) **сәйкес жүзеге асырылады.**

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұны балалардың жас ерекшеліктері мен жеке ерекшеліктерін ескере отырып, жан-жақты дамуына бағыттталып, «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру салаларына негізделеді.



2021 жылдың басынан бастап мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында 63 қалалық семинар өткізілді. Қалалық деңгейдегі семинарларды ұйымдастыру кезінде мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтеріне әдістемелік көмек көрсетілді.



2021 жылғы 6 мамыр мен 21 мамыр аралығында «Педагогтар сабақтастығы» жобасы аясында Нұр-сұлтан қаласының мектепке дейінгі ұйымдарының мектепалды топтары арасында «Біз мектепке барамыз» акциясы өткізілді. Акция барысында 31 балабақша жаңа технологиялар мен әдіс тәсілдерді пайдалана отырып, балалардың жыл бойы игерген білім, біліктері мен дағдыларының нәтижесін көрсетті.



Қашықтан оқытуды ұйымдастыру мүмкіндіктерін кеңейту, заманауи білім беру технологияларын пайдалана отырып ұйымдастырылған оқу қызметінің үздік бейнематериалдарын анықтау мақсатында мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері арасында «Үздік бейне ұйымдастырылған оқу қызметі» онлайн-байқауы ұйымдастырылды. Елорданың 62 балабақшасынан 170-тен астам жұмыс келіп түсті.



2021 жылдың 1 жартыжылдығында орталық әдіскерлері аттестатталушы педагогтердің 310 ұйымдастырылған оқу қызметіне қатысып, бақылау парақтарын ұсынды, сондай-ақ нұсқаулық-әдістемелік кеңестер берді.



Elordamekter.kz мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу бөлімі мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшелігіне сәйкес бес білім беру саласы бойынша ұйымдастырылған оқу қызметінің бейнежазбаларын жүктеп отыр. Қазіргі уақытта 1066 бейне ҰОҚ жүктелген.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұны бөлімі 5 маңызды жобаға қатысты:

❖ Pedagogikalyq tájiribe alańy;

«Pedagogikalyq tájiribe alańy» жобасы аясында келесі тақырыптарда бірлескен тікелей эфирлер өткізілді:

- Тақырыбы: «Авторлық педагогикалық дамудың құрамы түрлері мен ережелері» (мектепке дейінгі ұйымдардың мұғалімдері үшін)
- Тақырыбы: «Балабақша мен колледж арасындағы сабақтастық» (әдіскерлер үшін)
- Тақырыбы: «Мектеп жасына дейінгі балаларда білік пен дағдылардың дамуын бақылау» (мұғалімдер үшін)
- Тақырыбы: «Мектепке дейінгі ұйымдардағы әдістемелік қызметтің тиімді моделі» (әдіскерлер үшін)

❖ Elordalyq elektrondy mektep;

«Elordalyq elektrondy mektep» жобасы аясында мектепке дейінгі білім беру және тәрбиелеу бөлімі ай сайын **Elordamektep.kz** веб-сайтына мектеп жасына дейінгі балалардың әр жас санатындағы бес білім беру бағыттары бойынша ұйымдастырылған оқу іс-шараларының бейнежазбаларын жүктеді. Қазіргі уақытта EAL-нің **1280** бейнесі жүктелген.

❖ Педагогтер сабақтастығы;

«Педагогтер сабақтастығы» жобасы аясында 2021 жылдың 6-21 мамыр аралығында мектепке дейінгі ұйымдардың мектепалды топтары арасында «**Біз мектепке барамыз**» акциясы өтті. Акция нәтижелері бойынша ең үздік ұйымдастырылған оқу қызметі анықталды.

❖ Цифровая педагогика;

«Сандық педагогика» шеңберінде әдіскерлер мектепке дейінгі ұйымдардың мұғалімдеріне мектепке дейінгі балалармен жұмыс жасауда мұғалімдердің құзыреттілігін арттыруға бағытталған әдістемелік материалдарды орналастырды:

- Мектеп жасына дейінгі балалармен жұмыс кезінде музыкалық терапия
- ұйымдастырылған оқу іс-әрекетін талдау және интроспекция
- Онлайн adisker
- Мектеп жасына дейінгі балалардың музыкалық қабілеттерін дамытудың тиімді жолдары
- ашықтан оқитуда бейне ұйымдастырылған оны іздеудің жолдары

❖ Ал, мен былай істеймін....

«Ал, мен былай істеймін...!» жобасы аясында әдіскерлер қалалық жарыстарда жүлделі орындарға ие болған мектепке дейінгі ұйымдардың үздік тәрбиешілерімен **7 тікелей эфир** өткізді.

- №14 «Ақбөпе» балабақшасының жоғары санатты тәрбиешісі «Құрметті педагог -2020» Юсупова Анар Ураловна
- №66 «Толағай» балабақшасының жоғары санатты тәрбиешісі «Үздік педагог-2017» Каримова Айжан Куанышбековна
- №32 «Балдәурен» балабақшасының жоғары санатты тәрбиешісі «Үздік педагог-2019» илегенова Гульнара Советаевна
- №85 «Мейіржан» балабақшасының жоғары санатты тәрбиешісі «Үздік педагог-2019» Абенова Гульмира Сартайқызы
- №7 «Аққу» балабақшасының жоғары санатты тәрбиешісі «Үздік педагог-2020» Гульжан Хусаинова
- №80 «Ботақан» балабақшасының жоғары санатты тәрбиешісі «Үздік педагог-2020» Жулдыз Конакбаева
- №16 «Шағала» балабақшасының жоғары санатты тәрбиешісі «Үздік педагог-2020» Жадыра Макуова